

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 273 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 25 желтоқсанда № 9023 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 36 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 09.02.2016 № 36 бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы № 651 Жарлығының 2-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Кадр қ ы з м е т і б а с қ а р м а с ы :

1) осы бұйрықты заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялауды және мемлекеттік органдар интранет-порталында (МОИП) о р н а л а с т ы р у д ы ;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің жауапты хатшысы Ж.Д. Құрманғалиеваға жүктелсін

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр М. Құл-Мұхаммед
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мәдениет және ақпарат министрінің
2013 жылғы от «___» _____
№ _____ б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары

1. Осы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексіне (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы қағидалары) (бұдан әрі - Кодекс), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңнама) сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мемлекеттік қызметшілерінің атқаратын лауазымдарына қарамастан, міндеттерін орындау барысында, әріптестерімен және азаматтармен қарым-қатынас кезінде олардың қызметтік мінез-құлқының негізгі нормаларын а й қ ы н д а й д ы .

3. Министрліктің мемлекеттік қызметшілері:

1) өзінің міндеттерін тиісінше орындауға, нақты қалыптастқан жағдайды ескере отырып жұмысты ұйымдастыруға және жоспарлауға;

2) қарамағындағы мемлекеттік қызметшілерден олардың қызметтік міндеттерінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге, басқа адамдарды құқыққа қайшы теріс қылықтар жасауға мәжбүрlemeуге;

3) өзі басқаратын құрылымдық бөлімшенің мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдық міндеттерінің, тапсырмалардың сапалы орындалуына жауапты б о л у ғ а ;

4) адамгершілік мінез-құлықтың үлгісі болуға;

5) қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейін және біліктілігін арттыруға ;

6) турашыл болуға, өзінің кәсіби қызметіне ешкімнің, соның ішінде өзінің туыстарының, достарының немесе таныстарының ықпал етуіне жол бермеуге,

өзінің турашылдығын бұзуға, лауазымдық міндеттерін орындауына әсер етуі мүмкін жеке, қаржылық және іскери қатынастардан тартынуға;

7) өзіне жүктелген міндеттердің объективті орындалуына күмән келтіруі мүмкін кез келген әрекеттер мен шешімдерден тартынуға;

8) өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үдерісінде басқа тұлғаларға сабырлылық, сыпайылық, әдептілік және сыйластық көрсетуге, осыны қарамағындағы қызметкерлерден талап етуге;

9) қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңнаманы сақтауына дербес бақылауды қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу жөніндегі уақтылы және жан-жақты шараларды қ а б ы л д а у ғ а ;

10) осы Қағидалардың талаптарының бұзылу фактілеріне принципті тұрғыда ден қоюға, кінәлілердің жауапкершілігімен қатар, өзінің жеке жауапкершілігі туралы мәселені көтеруге дайын болуға;

11) қызметтен тыс уақытта жалпы жұрт қабылдаған этика нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық оқиғаларына жол бермеуге;

12) Министрліктің алдына қойылған міндеттерді дұрыс түсінумен, осы міндеттерді бірлесіп шешуге ниеттілікпен және қабілеттілікпен, ұжымда жұмыс істеу жайлылығының деңгейімен, мейірбан және ашық қарым-қатынастармен, ұжымның салмақты жөн-жоралғыларымен сипатталатын ұжымдағы қолайлы моральдық-психологиялық климатты қамтамасыз етуге;

13) қарамағындағылардың қарым-қатынасын дәйексіз мәліметтердің таралуына, әділетсіздіктің орын алуына жол бермей, этикалық нормалар негізінде р е т т е у г е ;

14) кәсіби қызмет әдістерін әзірлеуге, нормативтік құқықтық базаны дамытуға, қарамағындағыларды нормативтік құқықтық актілермен уақтылы жабдықтауға, олардың кәсіптік деңгейін арттыруға қамқорлық көрсетуге;

15) әріптестеріне қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол б е р м е у г е ;

16) өзінің жұмысын білікті орындауға, оның тұжырымдары, қорытындылары, ұсынымдары және басқа да құжаттары дербес біржақтылыққа, соқыр нанымға немесе басқа тараптан көрсетілген қысымға емес, тексерілген әрі объективті қажетті көлемдегі ақпаратқа негізделуі;

17) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты, ақпарат, телерадио хабарларын тарату, мұрағат ісі және құжаттама салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін реттейтін актілерді мүлтіксіз сақтауға;

18) өзінің біліктілігін жоғары деңгейде ұстауға, өзінің кәсіби білімін ұдайы

жаңартуға, мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты, ақпарат, телерадио хабарларын тарату, мұрағат ісі және құжаттама, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл салаларындағы тәжірибелік
м а ш ы қ т а р ы н ж е т і л д і р у г е ;

19) өзінің жұмысында адалдық пен парасаттылық көрсетуге, мейірбан және ашық болуға, кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде адамдарға тиісінше көңіл бөлуге, азаматтық және қызметтік парызына адал болуға;

20) өзінің жалпы қызметімен Министрліктің беделін бұдан әрі дамытуға және
н ы ғ а й т у ғ а ы қ п а л е т у г е ;

21) Министрлік басшылығының оның құзыреті шегінде берілген тапсырмаларын келеңсіз талқылау ұжымдағы моральдық-психологиялық климатқа кері әсер тигізетінін білуге;

22) өзіне тапсырылған жұмысты адал орындауға, құжаттармен ықыласпен және зер салып жұмыс істеуге, әрқашан Министрліктің мүддесін басшылыққа
а л у ғ а ;

23) басшылардың тапсырмаларын орындау барысында объективті және
ш ы н а й ы м ә л і м е т т е р б е р у г е ;

24) Министрлікпен еңбек қатынастарын тоқтатқан жағдайда қолындағы бар құжаттаманы, ақпаратты, олардың көшірмелерін өзіне қалдырмастан, Министрліктің басшылығына толық көлемде беруге;

25) бір біріне тілектестік қарым-қатынас жасауға, қарапайымдылық пен сыпайылық танытуға, негізсіз сынауға және әріптестеріне зиян келтіретін өзге де
қ а с а қ а н а і с - ә р е к е т т е р г е б а р м а у ғ а ;

26) бүркеніш немесе мемлекеттік қызметшілерді кемсіту мақсатын көздейтін өтініштердің (арыздардың) қарастырылуына жол бермеуге;

27) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің іскерлік қалпын
ұ с т а н у ғ а т и і с .

4. Министрліктің мемлекеттік қызметшілерінің кәсіби қызметтен тыс жеке қатынастары қызмет бабындағы жоғарылау, көтермелеу немесе жазалау, кадрлық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін негіз болып табылмауы тиіс;

Министрліктің мемлекеттік қызметшілерінің саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіптік одақтардың және өзе де ұйымдардың өкілдерімен Министрлік құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қарым-қатынастары іскери және сыпайы болуы тиіс;

5. Лауазымдық өкілеттіктерін орындау барысында алынған ақпаратқа қатысты кәсіби құпияны сақтау жөніндегі міндетті тиісінше орындауда да
к ә с і б и л і к к ө р с е т у і т и і с .

6. Министрліктің қызметі мәселелері бойынша көпшіліктің алдында сөз сөйлеуді Мәдениет және ақпарат министрі немесе осыған уәкілетті лауазымды

т ұ л ғ а л а р ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Министрліктің мемлекеттік қызметшілері мемлекеттік қызметтің беделіне нұсқан келтірмей, пікірсайысты әдепті түрде жүргізеді.

7. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

- 1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес емес немесе;
- 2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;
- 3) мемлекеттің лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік басқару органдарының , басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке сай емес сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдіруіне болмайды.

8. Министрліктің мемлекеттік қызметшілері Кодекспен және мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңнамамен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауға тиіс.